



# БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ, 3-ТОМ. ҚАЗІРГІ ЗАМАН ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ БАСТАУЫ

Метафизика философиясы





Декарт схоластика метафизикасының субстанция, модус, форма, мән және т.б. көптеген техникалық терминдерін қабыл алғанымен, олардың көбін жаңаша қолданды. Оның метафизикадағы ең маңызды жаңалығы көзінің тірісінде жарияланған еңбектерінде баяндалмай, халыққа өзі дүниеден өткен соң белгілі болды. Бұл – оның мәңгілік ақиқаттар туралы ілімі еді.

1630 жылы өзінің «Дүние немесе Жарық туралы трактатын» аяқтауға жақындағанда ол Мерсеннге жазған хатында былай деді:

«Сіз мәңгілік деп атайтын математикалық ақиқаттардың негізін қалаған – Құдай, олар оған, ол жаратқан басқа да нәрселер сияқты, толығымен тәуелді... Өтінемін, патшаның өз патшалығында заңдарды тағайындайтыны сияқты, табиғатта осы заңдардың негізін салған Құдай екенін барлық жерде тұжырымдап, жариялаудан қысылмаңыз».

«Мәңгілік ақиқаттарға қатысты айтсақ, оларды Құдай ақиқат және мүмкін ретінде білгендіктен ғана ақиқат және мүмкін болып отырғанын тағы да қайталаймын. Олардың Құдайдан тәуелсіз ақиқаттығын білдіретін басқаша түрі белгісіз. Құдайда қалау мен білу – бір нәрсе, яғни бірдеңені қалау бар болса, соны біледі және сондықтан да бұл – ақиқат».

Бұл – «логика мен математиканың ақиқаттары Құдайдың еркіне тәуелді» деуге жасалған жаңа қадам болды. Схоласт философтар Құдайға тәуелділікпен келісті, бірақ оның еркіне емес, мәніне тәуелдіміз деп тұжырымдады: олар «Евклид үшбұрышының үш бұрышы екі тік бұрышына тең екенінің ақиқаттылығы Құдайдың еркіне тәуелді» дегенге Декарт сенгендей сенбеді. Оның үстіне, схоластар «дүние жаратылғанша логикалық және математикалық ақиқаттар Құдайдан тәуелсіз нақтылыққа ие болған жоқ» деп есептеді; ал Декарт үшін бұл ақиқаттар – Құдайдың жаратушы құдіретінің бүкіл мәңгілігінің туындылары. «Заттарды дүниеге әкеліп қана қоймай, олардың мәнін де жаратқаны күмәнсіз; осы мән – мәңгілік ақиқат... Мен осының бәрін жаратушы Құдай екенін білемін және осы ақиқаттар – бірдеңелер, яғни оларды жаратқан – Құдай».

Декарт «логика мен математиканың ақиқаттары материалдық дүниеде де, құдіретті санада да, адам санасында да болмады» деп есептеді. Мәңгілік ақиқаттар – материалдық объектілер туралы ақиқаттар емес: үшбұрыштар туралы теореманы үш бұрышты бірде-бір объект болмаған күнде де дәлелдеуге болар еді, ал геометрия сыртқы дүние толығымен елес болғанда да дұрыс деп саналды. Мәңгілік ақиқаттар адамның ақыл-ойына дейін және одан дербес өмір сүрді, Құдайға тәуелді болса да, оның ақыл-ойынан ерекше еді. Мәңгілік ақиқаттар ежелгі дәуірде Платон өмір сүрген ортаға ұқсас үшінші патшалыққа тиесілі. Әулие Аугустин Платонның идеяларын Құдайдың ақыл-ойына көшірді, бұл христиан философтарының арасында Суареске дейін қалыпты жағдай болды. Декарттың жаңа ілімі оны қазіргі заманғы платонизмнің негізін қалаушыға айналдырды.

Мәңгілік ақиқаттарды құрастыру теориясы Декарттың метафизикасы мен физикасында іргелі рөл атқарады. Өз теориясын Мерсеннге түсіндіргенде, Декарт Аристотельдің нақты қасиеттер мен материалдық формалар метафизикасына үнемі жасалатын шабуыл туралы жазды. Материалдық формалардан бас тарту мәнді теріске шығаруға әкеліп соғады, себебі осы екеуі Аристотель жүйесінде тығыз байланысты – бейматериалдық нәрселерде мән мен форма тең, ал материалдық нәрселерде мән дегеніміз – форма+сәйкес материя. Декарт мән терминологиясын форма мен қасиетті терістегендей жоққа шығармады, бірақ оны түбегейлі талдады. Декарттың пікірінше, мән – мәңгілік ақиқаттар; ол Мерсенге осыны баяндады.

Аристотель жүйесінде дәл осы формалар мен мәндер құбылыстар ағынындағы тұрақтылық элементін – шынында да универсал ғылыми білімнің болуына қажетті тұрақтылықты қамтамасыз етті. Мәндер мен формаларды теріске шығарған Декартқа физиканың жаңа іргетасы қажет болды және оны мәңгілік ақиқаттардан тапты. Егер мәндік формалар жоқ болса, тарихтың бір сәтінде затты басқа затпен байланыстыратын – Құдайдың еркінен басқа ештеңе емес.

Құдай мәңгілік ақиқаттарда көрініс тапқан табиғат заңдарының негізін қалады. Оларға логика мен математика заңдары ғана емес, инерция заңы және қозғалыстың басқа да заңдары жатады, яғни олар механикалық физиканың негізін қалады. Бірақ олар Құдайдың шексіз еркіне тәуелді болса, олардың өзгермейтінін қайдан білеміз? Әрине, Құдайдың өз пікірін өзгертуі туралы әңгіме жоқ; бірақ ол белгілі бір сәтте заңдар өзгеруі тиіс деген бұйрық шығармай ма екен? Осыны болдырмау үшін Декарт «Құдай алдамайды» деген пікірге тағы да жүгінеді.



Құдайдың ақиқаттығы оның постаристотельдік жүйесінде осы айқын да анық қабылданатын тұрақты нақтылығын көрсету үшін қажет.

Әлгінде айтқанымыздай, мәңгілік ақиқаттарды құрастыру туралы ілім, бір жағынан алғанда, ғаламат жаңалық болды. Алайда оны философияның кейінгі орта ғасырда – Құдайға тән құдірет шегінің біртіндеп кеңеюі кезеңіндегі дамуының шыңы ретінде де қарастыруға болады. Адамгершілік ақиқаттарға келсек, Акуинолық Томаспен салыстырғанда, Скот пен Оккам Құдайдың еркіне әлдеқайда ауқымды азат кеңістік берді. Діни салада бұл үрдісті Құдайдың абсолют дербестігі туралы Жан Кальвиннің ілімі шыңына жеткізді. Оның пікірінше, Құдай адамдарды құтқару немесе жазалау туралы шешімдерді еркін және ешкімнің алдында есеп берместен қабылдайды. Құдай еркіндігін Декарттың логика мен математика салаларына таратуын кальвиндік абсолютизмнің философиялық үлгісі деп қарастыруға болады.

### Субстанцияның үш ұғымы

Аристотельдің жүйесінде субстанция ұғымы маңызды: барлық сапалар мен басқа қасиеттер – субстанцияға тән акциденциялар, тек субстанция ғана нақты және дербес. Субстанция Декарт философиясында да іргелі рөл атқарды. «Ештеңе ешқандай сапалар мен қасиеттерге ие бола алмайды, – деп жазды ол, – сондықтан біз кейбірін қабылдаған жерде олар тәуелді нәрсе міндетті түрде болуы тиіс». Бұл алғашқы субстанцияның, Декарттың өзіндік «Менінің» өмір сүретінін анықтауға жасалған қадам еді. Өзінің «Философия негіздерінде» ол субстанцияның «өмір сүретіні соншалық, өзінің тіршілік етуі үшін басқа ештеңені қажет етпейді» деген анықтамасын ұсынды. Тегінде, осы анықтама бойынша тек Құдай ғана субстанция болып саналады, алайда жаратылған нәрселерді – өмір сүру үшін Құдайдың ғана келісімін алуы тиіс заттар деп атауға болады.

Аристотельшілдер үшін субстанцияның көптеген түрі бар, олардың әрқайсысы белгілі бір субстанциялық формаға ие, мысалы, адамдар адамзат формасы бойынша және т.с.с. Декарттың ойынша, субстанциялық форма деген жоқ, субстанцияның екі түрі ғана бар: ақыл, немесе ойлаушы субстанция және дене немесе созылушы субстанция. Олардың мазмұндық формалары жоқ, бірақ мәндері бар: ақылдың мәні – ой, ал дененің мәні – созылу. Осы екі түрдің нақты субстанциясының қалай индивидуалданатыны Декарттың жүйесінде белгісіз болып қала береді, ал дене туралы ол кейде «тек бір ғана ғарыштық субстанция өмір сүреді, біз соқтығысып отыратын объектілер – локалдық трансакцияларға қатысатын локалдық фрагменттер ғана» деп жазады.

«Зерде әрбір субстанцияның табиғатын зерттеуді талап етсе де, субстанциялар – сезімдер арқылы көрінетін және сезілетін мәндер» деп есептеді аристотельшілдер. Тек ғылым ғана маған алтынның не екенін айта алатын болса да, алтынның кесегін көріп тұрғанымда, мен шынымен субстанцияны көремін. Ал Декарттың пікірі өзгеше. «Бізде субстанцияны бірден түсіну жоқ, – деп жазды ол «Төртінші жауабында», – шамасы, өмір сүру үшін бірдеңенің бойында болуы тиіс белгілі бір формалар мен атрибуттарды қабылдауымыз арқылы біз соның бойында болып отырған нәрсені субстанция деп атаймыз». Осылайша, субстанция сезім арқылы қабылданбайды, олардың терең табиғаты ғана емес, өмір сүруі де – тек интеллектуалды ойтұжырым арқылы ғана айқындалады.

Локк субстанциялардың сезім арқылы қабылданбайтыны туралы пікірді айтарлықтай дамытты. «Субстанция ұғымы кейбір идеялардың қатар жүретінін бақылауымыздан туындайды» дейді ол. Егер субстанцияның қандай да бір идеясына негізінен «белгісіз күңгүрт-ақшылдау түсті, қатты, созылғыш және балқығыштың белгілі бір деңгейі бар қарапайым идея деп қосылсақ, біз қорғасын туралы түсінікке ие боламыз». Субстанцияның кез келген түрінің идеясында оның жалпы ұғымы ылғи да бар; алайда, әрине, бұл нақты, айқын да анық идея емес, «қандай қасиеттерді қолдау әдетте акциденциялар деп аталатын қарапайым идеялар туындататыны туралы болжам жасай ғана аламыз».

Осылайша, субстанцияның нақты түрі туралы идеяларымыздың негізгі бөлігі – қарапайым бірнеше идеядан тұратын күрделі идея. Мысалы, Күн идеясы «Жарық, ыстық, дөңгелек, тұрақты қозғалып отыратын, бізден белгілі бір қашықтықта орналасқан және тағы басқа қарапайым



идеялардың жиынтығы» болып саналады. Субстанция түрлерінің идеялары, мысалы, ат немесе алтын идеялары, «сұрыпталған идеялар» деп аталады: олар қарапайым идеялардың жиынтығы мен белгісіз бір субстраттың түсініксіз идеясынан құралады. Осы әртүрлі сұрыптарға немесе түрлерге жататын нақты жеке нәрселер нақты субстанция деп аталады.

Әртүрлі субстанциялар мәндерге ие: адам болу немесе емен болу адам мәніне ие болу немесе емен мәніне ие болуды білдіреді. Алайда Локктың пікірінше, мәннің екі түрі бар: нақты және номинал. Нақты мән мынадай: «нақты, ішкі, бірақ жалпы алғанда субстанциядағы нәрселердің белгісіз құрылымы және субстанцияның қасиеттері оларға байланысты». Номинал мән – қарапайым идеялардың жиынтығы, олар заттарды сұрыпқа немесе түрге бөлу үшін жинақталып, атауларға бекітілген. Номинал мән белгілі бір атауға ие болу құқын береді және ол көбіне адам тілінің еркін туындысы болып саналады.

Үшбұрышты қарастырсақ, оның нақты мәні мен номинал мәні бірдей. Субстанцияда олай емес. Локк саусақтағы алтын сақинаны мысалға алады:

«Бұл – сезімнен ада бөліктердің нағыз құрылымы, бойынан табылуы мүмкін түс, салмақ, балқығыштық, қозғалыссыздық қасиеттері оларға тәуелді. Қандай құрылым екенін біз білмейміз, сондықтан ол туралы нақты идеямыз болмағандықтан, оның белгісі болып саналатын атау да жоқ. Бірақ оны алтын етіп тұрған түсі, салмағы, балқығыштығы, бекітілгені және т.б. оған осы атауға ие болу құқын береді, сондықтан да оның номинал мәні болып есептеледі. Сол себепті ештеңе алтын болып атала алмайды, тек қана осындай абстрактылы кешенді идеяның қасиетіне сәйкес келетін нәрсеге ғана осы атау беріледі».

Заттардың нақты мәндері, мысалы, алтынның жасырын құрылымы сияқты, бізге тіпті белгісіз. Адам туралы айтқанда да біз оның шіркеу сағаттарын соғуға мәжбүр ететін барабан мен серіппеге ие шаруа екенінен басқа ақиқат мәні туралы түсінігіміз жоқ.

Мәндер жеке адамдарға емес, тектерге тиесілі. Адамдарда нақты да, номинал да мәндер жоқ. «Менде ештеңе жоқ, бұл мен үшін өте маңызды, – дейді Локк, – Бақытсыз оқиға немесе дерт менің түсімді немесе формамды қатты өзгертіп жіберуі мүмкін; безгек ауруы немесе жығылу мені ақыл-ойымнан, есімнен немесе екеуінен де айыруы мүмкін; апоплексия да өмірдің мәнінен де, өмірді түсінуден де, өмірдің өзінен де ештеңе қалдырмайды». Шамасы, нағыз Локк – адамнан мүлдем өзгеше бірдеңе, ол – әртүрлі қасиеттердің негізгі, мызғымас субстраты.

Локк «субстанцияның өзін сипаттау мүмкін емес, себебі ол ештеңеге ие емес» деп тұжырады. Алайда әлдекімнің «зат қасиеттерге ие болғандықтан да, қасиеттерге ие емес» деп ой қорытуы адам сенгісіз сияқты. «Индивидуумдер номинал мәнге ие емес» деген тезис «тұлғаны анықтап, сонан соң бұл жаратылыс оны «адам», «тау» немесе «ай» ретінде жіктейтін қасиеттерге ие ме? деген сұраққа көшуге болады дегенді білдіреді.

## Біртұтас қажетті субстанция

Локк Англияда субстанция ұғымын қандай да бір маңызды мазмұннан жұрдай еткен кезде Спиноза Голландияда оны өзінің метафизикалық жүйесінің негізіне айналдырды. «Этикадағы» алғашқы анықтамалардың бірі мынадай: «Субстанция деп – мен өздігінен және өзі ойластырылатын нәрсені: ұғым басқа бірдеңенің ұғымынан тәуелсіз қалыптастырыла алады дегенді түсінемін». Декарт субстанцияға «өмір сүру үшін өзінен басқа ештеңені қажет етпейтін нәрсе» деген анықтама берді. Спинозаның ойынша, мұндай анықтама ең көп нәрсені Құдайға бере алар еді; Декарт субстанция деп есептеген ақырғы ақыл-ойлар мен денелерді өмір сүрсін деп Құдайдың өзі жаратып, өзі қорғауы тиіс еді.

Декарт сияқты, Спиноза да субстанция ұғымын атрибут және модус ұғымдарымен байланыстырады. Атрибут – субстанцияның қасиеті; модус – субстанцияның негізінде ғана мүмкін болатын маңызды қасиет. Осындай анықтамалармен қаруланған Спиноза осы түрдің бірден артық субстанциясының болуы мүмкін еместігін дәлелдейді. Екі немесе одан да көп әртүрлі субстанция болғанда оларды не атрибуттары бойынша, не модустері бойынша айырып қарастырған дұрыс. Оларды модустері бойынша жіктеуге болмайды, себебі субстанция модустің алдында, сондықтан модустердің арасында кез келген айырмашылық болуы тиіс және субстанциялардың арасындағы айырмашылықтарды құрастыра алмайды. Сондықтан ортақ



атрибутқа ие екі субстанция болса, оларды болуы мүмкін емес атрибуттар бойынша айырып қарастыру керек. Сондай-ақ ешқандай атрибут қандай да бір басқа субстанцияны туындата алмайды, себебі салдар өзінің себебімен ортақ бірдеңеге ие болуы тиіс, түрдегі екі субстанцияның мүлдем бөлек болуы тиістігін біз жаңа ғана көрсеттік. «Этиканың» бірінші кітабының жетінші тұжырымы «ол өмір сүру үшін субстанцияның табиғатына жатады» дейді және оның дәлелі мына түрде көрінеді:

«Субстанцияны оның өзінен басқа ештеңе туындата алмайды; сондықтан ол – өзінің өзіндік себебі болуы тиіс, яғни оның мәні өмір сүруді міндетті түрде талап етеді немесе ол өмір сүру үшін табиғатқа тиесілі».

«Құдай – шексіз субстанция» деген кіріспе анықтамадан басқа жерде «Құдай» сөзі осыған дейін «Этикада» аталған жоқ. Алайда осы параққа жеткен әрбір оқырман Спинозаның қайда апара жатқанын сезуі тиіс. Келесі тұжырым бізге кез келген субстанция міндетті түрде шексіз дейді. Осы сәтте «субстанция осындай жоғары қасиеттерге ие болған кезде, біз қандай да бір субстанциялардың өмір сүретіні өзінен-өзі түсінікті деп санай алмаймыз» деп, қарсы пікір айтуға бейім екенімізді сезуімізге болады. Спиноза мұнымен келіседі: «Этиканың» алғашқы бірнеше тұжырымы біреуден артық субстанция жоқ екенін көрсетуге бағытталған. Тек қана он бірінші пікірде ол ең болмағанда бір субстанция – Құдай өмір сүреді дегенді дәлелдеуді жалғастырады.

Мына жерде біз ол ақырғы тіршілік етушілер метафизикасы үшін бейнелеген салдарларды кездестіріп отырмыз. Сана мен материя – субстанция емес, себебі олар субстанция болса, Құдайға шектеу салар еді де, Құдай бар болып отырған күйінде, яғни шексіз болмас еді. Бар болып отырғанның бәрі Құдайда бар және Құдайсыз тіршілік ете алмайды немесе жаратыла алмайды. Ой мен кеңеріс – ақыл-ой мен материяның сипаттамаларын анықтаушы, ал олар, шынында келгенде, Құдайдың өзінің атрибуттары, сондықтан Құдай ойлау да, кеңейген нәрсе де: ол ақылға да, сонымен қатар денеге де жатады. Жеке ақылдар мен денелер – модустер немесе құдіретті атрибуттардың, яғни ой мен кеңерістің белгілі бейнелері болып саналады. Сонымен, кез келген жеке нәрсенің идеясы Құдайдың мәңгілік және шексіз мәні туралы ойды қамтиды.

Спинозаның замандастары ақырғы субстанциялардың бәрі өздерінің алғашқы себебіне – Құдайға тәуелді деген пікірмен жаппай келісті. Спинозаның жасағаны – Құдай мен ақырғы субстанциялардың арасындағы байланысты физикалық себеп-салдарлық терминдер арқылы емес, субъект пен предикаттың логикалық терминдерінің көмегімен сипаттайды. Ақырғы субстанция туралы кез келген айқын тұжырым, шынына келгенде, Құдай туралы болжам: біз сияқты тіршілік иелеріне сөз арнаудың дұрыс тәсілі – зат есімді емес, сын есімді қолдану. Шындығында, «жарату» деген сөз жоқ: ол Жаратушы мен ол жаратқан нәрсенің арасындағы айырмашылыққа меңзейді, ал Спинозада Құдай мен табиғаттың арасында мұндай айырмашылық жоқ.

Спиноза монизмінің ең басты элементі – оның бір ғана субстанция бар деген доктринасы емес; ол – салдар мен себептің арасындағы кез келген айырмашылықты жою. Салдардың бір ғана байланысы бар: тек ол салдарды себеппен және қорытындыны алғышартпен байланыстырып тұр. Аксиома теоремадан қалай туындаса, түтін оттан дәл солай пайда болады. Сондықтан табиғат заңдары логика заңдары сияқты қажетті, қайталанбас кез келген себептен міндетті түрде салдар туындайды және бәрі абсолют логикалық қажеттілік арқылы басқарылып отырады. Басқа ойшылдардың басым көпшілігі үшін себептер салдарлардан өзгеше болуы тиіс. Спинозаның себеп-салдарлық байланысты айқындауын ескерсек, ол басқаша пайымдайды. Құдай – өзіне-өзі себеп, сондықтан ол өмір сүріп отырған барлық нәрселердің өтпелі себебі емес, тұрақты, имманент себебі болып саналады.

Бұл жүйе ұғынуға өте қиын және ақыр соңында түсініксіз болып шығуы әбден мүмкін. Спиноза ғаламның құрылымын түсіндіру үшін ұсынған басқа ойдың ізімен жүру әлдеқайда тиімдірек. «Біздің денеміз, – деп ескертеді ол, – бір-бірінен табиғатынан өзгеше әртүрлі бөліктерден тұрады; бөліктер өзгеріп, түрленуі мүмкін, бірақ әрбір адам өзінің табиғаты мен бірегейлігін сақтап қалады. Осылайша, біз табиғатқа жеңіл көшіп, бүкіл табиғатты оның бөліктері, тұтас адамның бойында қандай да бір өзгерістер жасамастан, барлық денелер сияқты шексіз өзгеріп отыратын индивидуум сияқты елестете аламыз». Бұл бізді ақырғы өмір сүруші нәрселер мен Құдайдың арасындағы байланысты себеп пен салдар тұрғысынан емес, тұтас пен салдар тұрғысынан көруге итермелейді.



Кітап: Батыс философиясының жаңа тарихы 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы

Дәріс: 22. Метафизика философиясы

Біз денеміздің мүшелері туралы іс-әрекетті жүзеге асыратын және өзгерістерге ұшырайтын бөліктер деп жиі айтамыз, бірақ осылай деудің дұрыс еместігін түсінген жөн. Көріп отырған менің көзім емес, қанымды тазалап отырған менің бауырым емес. Менің көздерім мен бауырымның өзіндік өмірлері жоқ және олардың қызметі – менің біртұтас ағзамның қызметі. Аристотельшіл философтар әрі қарай да мен көздерім арқылы көремін және менің денем бауырымды менің қанымды тазалау үшін пайдаланады деген дұрыс деп атап көрсетті. Біз Спинозаның сөздеріне құлақ ассақ, оның бізді табиғатты әрқайсымыз оның бөлшегі және құралы болып саналатын біртұтас органикалық зат ретінде қарастыруға шақырғанын көреміз.

Табиғатты осылайша түсіну, яғни біртұтас, өзін-өзі түсіндіретін жүйе ретінде қарастыру көптеген адамдарды қызықтырады. Олар да «егер ғалам өзін-өзі түсіндірсе, онда болып жатқанның бәрі алдын ала анықталып қойған, сондықтан оқиғалардың нақты реттілігінен басқа ештеңе жоқ» деп тұжырымдап, соның ізімен жүруге дайын. «Табиғатта кездейсоқ ештеңе жоқ, бәрі Құдайы табиғаттың белгілі бір түрде өмір сүріп, әрекет ету қажеттілігі арқылы анықталады», – дейді Спиноза.